

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы
сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 25 мамыр N 478

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 7 наурызда Алматы қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің
арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан
Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім туралы Литва тарапын
хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва

Республикасы Үкіметінің арасындағы

сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 81-құжат)

(1998 жылғы 1 қыркүйекте күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 71 бет)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі,

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту
үшін қолайлы жағдайларды жасаудың қажеттілігіне сүйене отырып,

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды теңдік,
өзара пайдалылық пен халықаралық құқық принциптерінің негізінде дамыту мен
нығайту ісіне көмектесуге тілек білдіре отырып,

Сауда саласындағы өз қатынастарын Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ)
принциптеріне сәйкес дамытуға ұмтыла отырып,
Төмендегілер жайында келісті:

Уағдаласушы Тараптар тең құқылық, өзара пайдалылық пен өзара мүдделіліктің принциптерін басшылыққа ала отырып, Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік органдары мен меншік нысандарына қарамастан шаруашылық қызмет субъектілерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және кеңейте түсу үшін екі мемлекетте қолданылып жүрген заң актілерін сақтауменен қажетті шараларды қ о л д а н а д ы .

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін өзара пайдалы жағдай жасау мақсатында Уағдаласушы Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап мына төмендегілерге, атап айтқанда:

- импорт пен экспорт жөнінде қолданылатын кедендік баж салықтары, салықтар мен алымдарға, соның ішінде осындай баж салықтарының, салықтар мен алымдардың а л ы н у т ә с і л д е р і н е ;

- тауарларды кедендік ресімдеуге, транзитпен өткізуге, оларды

қоймалау мен қайта тиеуге және сол секілді басқа да көрсетілетін қызметтерге қатысты ережелерге;

- тікелей немесе жанамалап алынатын салықтар мен басқа да ішкі алымдардың кез келген түрлеріне;

- төлем тәсілдеріне және осындай төлемдерді аудару тәсілдеріне;

- тауарларды ішкі нарықта сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлу мен пайдалануға қатысты ережелерге;

- импорттық және экспорттық лицензияларды беруге қатысты бір-біріне барынша қолайлы жасайтын болады.

3-бап

2-баптың ережелері:

- Уағдаласушы Тараптардың бірі шекара бойындағы сауда мен шекара бойындағы тасымалдауды жеңілдету үшін көрші елдерге берген артықшылықтарға;

- Уағдаласушы Тараптардың бірінің қазіргі уақытта немесе келешекте кедендік одақтарға, еркін сауда аймақтарына немесе сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатысуына байланысты үшінші елдерге берілетін а р т ы қ ш ы л ы қ т а р ғ а ;

- Артықшылықтардың жалпы жүйелері бойынша берілген артықшылықтарға қолданылмайды.

4 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық екі мемлекетте қолданылып жүрген заңдарды және халықаралық жеке құқық нормаларын сақтауменен меншік нысанына қарамастан шаруашылық қызмет субъектілерінің арасында контрактілер жасау жолымен жүзеге асырылады.

5 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың шаруашылық қызмет субъектілерінің арасындағы барлық есеп айырысулар мен төлемдер еркін айналыстағы валютамен немесе шаруашылық қызмет субъектілерінің арасындағы шарттармен (контрактілермен) белгіленген валюта арқылы жүзеге асырылады.

6 - б а п

Уағдаласушы Тараптар мемлекетаралық сауда-экономикалық қатынастарды ретке келтіретін заң актілерін қабылдау туралы ақпаратты өзара беру мен Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық қатынастарға ықпал етуі мүмкін статистикалық ақпарат алмасуды ұйымдастыратын болады.

7 - б а п

Уағдаласушы Тараптар екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың тарифтік және тарифтік емес реттелуін, статистикалық ақпарат алмасуды және кедендік процедуралардың жүргізілуін жүзеге асыру үшін еуропалық экономикалық қоғамдастықтың Тауарларды сипаттау мен кодтандырудың қиыстырылған жүйесіне негізделген сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасын пайдаланатын болады.

8 - б а п

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап мемлекеттердің қолданылып жүрген ұлттық заңдарына сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың және/немесе үшінші бір елдердің кедендік аумағында шығарылған және екінші Уағдаласушы Тараптың я кез келген үшінші бір елдің кедендік аумағына арналған тауарларды өз мемлекетінің аумағы

арқылы транзитпен өткізу үшін жағдай туғызып отыратын болады.

2. Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы немесе Литва Республикасының заңдарымен әкелінуі мен әкетілуіне, сондай-ақ транзитіне тыйым салынған я шектеу қойылған белгілі бір заттардың, бұйымдар мен тауарлардың әкелінуі мен әкетілуіне, сондай-ақ транзитіне қолданылмайды.

9 - б а п

Уағдаласушы Тараптар жүк тасымалдаудың, көлік қозғалысының, соның ішінде транзиттік жүк және жолаушылар тасымалдаудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ көлік жүйелерінің өзара іс-қимыл жасауы тасымалдаудың халықаралық ережелеріне сәйкес реттелетін болады және/немесе Уағдаласушы Тараптардың арасындағы жекелеген келісімдермен белгіленеді деп келісті.

10 - б а п

Уағдаласушы Тараптар инвестициялардың, озық технологияларды өндірудің маңыздылығын мойындай отырып, сондай-ақ экономикалық пайдалылықтың принциптеріне сүйене отырып, инвестициялар үшін, бірлескен кәсіпорындар мен шетелдік капиталы бар кәсіпорындар, осындай кәсіпорындардың өкілдіктері мен банктер үшін қолайлы жағдай

жасауға жәрдемдесетін болады.

11-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз заңдары мен халықаралық міндеттемелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың шаруашылық қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің құқық тұрғысынан, соның ішінде сот тұрғысынан да қорғалуына мүмкіндік беретін болады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының мыналарға бағытталған тауарларды экспорттауға, импорттауға және транзитпен өткізуге тыйым салу немесе шектеу жөнінде шаралар қабылдау құқығын шектемейді:

- а) ұлттық қауіпсіздікті қорғау;
- ә) адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жануарлар мен өсімдіктер ауруларының алдын алу;
- б) өнеркәсіптік және санаткерлік меншікті қорғау;
- в) ұлттық көркем, тарихи және археологиялық мұрағаттарды қорғау;

- г) табиғи ресурстардың таусылуына жол бермеу;
- ғ) қоғамдық моральды қорғау;
- д) отандық өндірісшілерді қорғау.

Тыйым салу және шектеу жөніндегі мұндай шаралар кемсітпеушілік негізінде және нарықты қорғау жөніндегі шаралар туралы Келісімдер басшылыққа алына отырып қ о л д а н ы л а д ы .

1 3 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағында сауда жәрмеңкелерін, көрмелер мен техникалық-экономикалық семинарларды ұйымдастырып өткізуге көмектесетін болады. Уағдаласушы Тараптар әрбір Уағдаласушы Тараптың мемлекетінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес көрмелерге және сол секілді басқа да экспозициялық мақсаттарға арналып, екінші Уағдаласушы Тараптан әкелінетін экспонаттар мен тауарлардың үлгілері кедендік баж салықтары мен ықпал жағынан соларға тең басқа да салықтардан "уақытша" босатылады. Мұндай экспонаттар мен үлгілерді олар көрмеге қойылған елде сатуға (біреуге беруге, сыйға тартуға) осы елдің құзыретті органдарының бұған деген келісімінсіз, сондай-ақ импорт жөніндегі кедендік баж салықтары мен салықтар төленбейінше болмайды.

1 4 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына сүйене отырып, екі мемлекеттің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін екі жақты комиссия құруға келісті.

Аталған комиссияның негізгі міндеттері мына төмендегілер болып табылады:

- осы Келісімді түсінуге және қолдануға қатысты мәселелерді қарау;
- екі жақты сауда-экономикалық байланыстардың дамытылуын талдау;
- екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жағдайын жақсарту және оны одан әрі дамытудың перспективалары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- осы Келісімді жүзеге асырудың барысын қарау және тиісті ұсынымдар әзірлеу.

Комиссияның отырыстары Уағдаласушы Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасында кезекпен өткізіліп тұратын б о л а д ы .

1 5 - б а п

Осы Келісімге, қажет болған жағдайда, Уағдаласушы Тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде өзгертулер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгертулер немесе толықтырулар Уағдаласушы Тараптар бұл үшін қажетті барлық заңды процедуралардың орындалғаны туралы бір-бірін хабардар еткен күннен бастап күшіне енеді.

1 6 - б а п

Осы Келісімнің ережелерін түсіну немесе қолдану жөнінде даулар туа қалған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оларды халықаралық құқық нормаларын ескере отырып, келіссөз жүргізу жолымен шешетін болады.

1 7 - б а п

1. Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті талаптардың жүзеге асырылғаны туралы
Уағдаласушы Тараптар бірінен бірі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының
заңдарына сәйкес жазбаша хабарлама алған сәттен кейінгі үшінші айдың бірінші күні
к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім 5 (бес) жылға жасалады. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы оның тиісті қолданыс мерзімі біткенге дейін 6 ай бұрын екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, онда оның қолданылуы келесі 1 жылдық мерзімдерге әркез өздігінен ұзартылып отыратын болады.

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін оның ережелері өздері бойынша алынған міндеттемелер осы Келісім қолданыста болған кезде туындап, Келісімнің қолданыс мерзімі тоқтатылған сәтке дейін орындалмаған барлық контрактілерге қолданылатын болады, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімде.

Алматы қаласында 1997 жылғы 7 наурызда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде жасалады, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімді түсінуге, қолдануға немесе орындауға байланысты Уағдаласушы Тараптардың арасында пікір алшақтықтары туа қалған жағдайда Уағдаласушы Тараптар Келісімнің орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Литва Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК